

Көшелерге қайта атау беру туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы Мырзакент кенті әкімінің 2017 жылғы 30 қарашадағы № 133 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 11 желтоқсанда № 4302 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес халық пікірін ескере отырып және Оңтүстік Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының 2017 жылғы 27 қыркүйектегі қорытындысы негізінде Мырзакент кенті әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мырзакент кентіне қарасты көшелерге қайта атаулар берілсін:

- 1) Мырзакент кентіндегі М.Горький көшеге - Еркіндік атауы;
- 2) Мырзакент кентіндегі Южный көшесін - Шапағат атауы;
- 3) Мырзакент кентіндегі Аптечный көшесін - Өркен атауы;
- 4) Мырзакент кентіндегі Гагарин көшесін - Жастар атауы;
- 5) Мырзакент кентіндегі Комсомол көшесін - Мерейлі атауы;
- 6) Мырзакент кентіндегі ДЭУ- 300 көшесін - Игілік атауы;
- 7) Мырзакент кентіндегі Энгельс көшесін - Ізгілік атауы;
- 8) Мырзакент кентіндегі Фурманов көшесін - Ақниет атауы;
- 9) Мырзакент кентіндегі Энергетиктер көшесін - Ақалтын атауы.

2. "Мырзакент кенті әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкім шешімі мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Мақтарал ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Мақтарал ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Мырзакент кенті әкімінің
уақытша міндетін атқарушы*

М.Ердешов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК